

DOI 10.53364/24138614_2023_29_2_70
ӘОЖ 37.016:811.111

10 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АЙТЫЛЫМ ӘРЕКЕТІН 4К МОДЕЛІ АРҚЫЛЫ МЕҢГЕРТУ

¹Нәби Н.Б.*, докторант

²Ораз Сапашев, ф.ғ.д., профессор

¹Рахметова Р.С., п.ғ.д., ассоц профессор

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., ҚР.

²Стамбұл университеті, Стамбұл қаласы, Түрік республикасы.

*E-mail: naz_nabi@mail.ru

Андатпа. Ақпараттық технология мен ғылымның өте жылдам қарқынмен дамуына байланысты адамның білімі мен іскерлігіне де жоғары талаптар қойылуда. Соның ішінде тұлғаның қалың көпшілікпен, жеке тұлғамен дұрыс қарым-қатынас орната алуы да бүгінгі күннің алдыңғы қатарлы меңгеруге тиіс дағдыларының бірі болып отыр. Жасыратыны жоқ, бүгінгі күні тіл тазалығына, сөздердің арқалайтын мән-мағынасына, әдеби тілдік нормаларға мән берілмейтін коммуникация жасау қалыпты жағдай болып барады. Сол себепті де бүгінгі білім беру үдерісінде оқушыға айтылым дағдысын дұрыс меңгерте білу талабы туындап отыр. Тіл сабақтарын оқытуда айтылым әрекетінің қарым-қатынас орнатуда дұрыс орындалуы маңызды. Әдістемелік еңбектерде «сөйлеу» деп қарастырылып жүрген терминді «айтылым» деп, сөйлеуден ара жігін ажыратып, өз алдына жеке қарастырудың өзіндік ерекшеліктері мен құрылымы қалыптасып келеді. Айтылымды оқыту мен оның әдіс-тәсілдері турасында шетелдік және отандық әдіскерлер арасында сан түрлі тұжырымдар мен пікірлер айтылып, әдістемелік оқу құралдары мен зерттеу жұмыстары жарық көрді. Айтылым белгілі бір коммуникативтік мақсатты арқалай отырып сөйлеу процесі арқылы жүзеге асырылады. Айтылым әрекетін сабақта ұйымдастыру арқылы оқушының ойы мен өзіндік тұжырымдарын дұрыс жеткізе алуға дағдыландырамыз. Дағды өз кезегінде күнделікті сабақта үздіксіз қайталанатын, соның негізінде автоматты түрде жасауға дейін жеткізілген үдеріс. Сондықтан да қазіргі білім беру парадигмасы оқушы бойында дұрыс білім-іскерлік дағдылардың жиынтығын қалыптастыруды мақсат етіп қойып отыр. Мақалада айтылым әрекеті мен оны меңгерудің әдіс-тәсілдері, 4К моделі тұжырымдамасына негізделген нақты тапсырмалар үлгісі арқылы оқушыға меңгерту жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: айтылым әрекеті, 4К моделі, сыни ойлау, қарым-қатынас, ынтымақтастық, тілдік комбинациялар, оқыту әдістері, таным.

ОБУЧЕНИЕ ПРОЦЕССУ ГОВОРЕНИЯ УЧАЩИХСЯ 10-ГО КЛАССА ПО МОДЕЛИ 4К

¹Нәби Н.Б.*, докторант

²Сапашев О., д.ф.н., профессор

¹Рахметова Р.С., д.п.н., профессор

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, РК.

²Стамбульский университет, г. Стамбул, РТ.

*E-mail: naz_nabi@mail.ru

Аннотация. В связи с очень быстрыми темпами развития информационных технологий и науки, предъявляются высокие требования к знаниям и умениям человека. В том числе умение личности правильно вступать в коммуникацию с широкой публикой, с другими коммуникантами, является одним из навыков, которым должен овладеть на сегодняшний день

каждый. Среди них способность человека устанавливать правильные отношения как с социумом так и с индивидом, является одним из передовых навыков, которыми необходимо овладеть. Ни для кого не секрет, что сегодня становится нормальным общаться, не обращая внимания на чистоту языка, глубинный смысл слов и на нормы литературного языка. Именно поэтому в современном образовательном процессе возникает потребность в том, чтобы учащийся умел правильно овладевать навыками произношения. На занятиях по языковым предметам важно правильно выполнять произносительную деятельность при установлении общения с коммуникантами.

В последнее время в методических работах наблюдается тенденция разделения термина “говорение” и “речь” активно формируя свою структуру и особенности. В связи с этим высказывались различные выводы и мнения зарубежных и отечественных методистов по поводу обучения произношению и его методики, публиковались методические учебные материалы и исследовательские работы.

Говорение осуществляется в процессе речи исходя из определенной коммуникативной цели. Организуя процесс говорения на уроке, можно учить ученика правильно излагать свои мысли и делать выводы. Навык, в свою очередь, представляет собой процесс, который непрерывно повторяется в ежедневном занятии и на его основе доводится до автоматизма. Именно поэтому современная образовательная парадигма направлена на формирование у обучающегося комплекса правильных учебных и деловых навыков. В статье представлены приемы говорения, способы овладения им обучающимся на примере конкретных заданий по концепции модели 4К.

Ключевые слова: процесс говорения, модель 4К, критическое мышление, общение, сотрудничество, языковые сочетания, методы обучения, познание.

TEACHING THE SPEAKING PROCESS TO 10TH GRADE 4K STUDENTS

¹Nabi N.B., PhD student

²Sapashev O., PhD., professor

¹Rakhmetova A. S., PhD, Professor

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, RK.

²Istanbul University, Istanbul, Republic of Turkey.

*E-mail: naz_nabi@mail.ru

Annotation. Due to the very rapid pace of development of information technology and science, there are high demands on human knowledge and skills. Including the ability of a person to properly communicate with the general public, with other communicators, is one of the skills that everyone should master today. Among them, the ability of a person to establish the right relationship with both society and the individual is one of the advanced skills that need to be mastered. It's no secret that today it is becoming normal to communicate, not paying attention to the purity of the language, the deep meaning of words and the norms of the literary language. That is why in the modern educational process there is a need for the student to be able to properly master pronunciation skills. In language classes, it is important to correctly perform pronunciation activities when establishing communication with communicants.

Recently, in methodological works, there has been a tendency to separate the terms “speaking” and “speech” actively forming their structure and features. In this regard, various conclusions and opinions of foreign and domestic methodologists were expressed regarding teaching pronunciation and its methodology, methodological educational materials and research papers were published.

Speaking is carried out in the process of speech based on a specific communicative goal. By organizing the process of speaking in the classroom, you can teach the student to correctly express his thoughts and draw conclusions. A skill, in turn, is a process that is continuously repeated in a daily lesson and, on its basis, is brought to automatism. That is why the modern educational paradigm is

aimed at developing a set of correct educational and business skills for the student. The article presents the techniques of speaking, ways of mastering it by the student on the example of specific tasks according to the concept of the 4K model.

Keywords: speaking process, 4K model, critical thinking, communication, collaboration, language combinations, teaching methods, cognition.

Кіріспе. Сөйлеу - адам баласына берілген үлкен сый. Басқа тіршілік иелерінен ең үлкен артықшылығымыз да осы сөйлеу арқылы қарым-қатынас жасап, бір-бірімізді түсінісе алуымызда. Сөйлеу әрекетінің ең басты құралы – тіл. Тіл арқылы адам баласының ой-өресі, сана сезімі, білім көкжиегі мен аялық-өмірлік білім-тәжірибесі көрініс береді.

Сөйлесім әрекеті – сөйлесушілердің түсінісуінен туындайтын үдеріс. Ол үдеріс тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым сондай-ақ тілдесіммен өзара тығыз байланысты. Коммуниканттар сөйлеу актісінде аталған әрекеттердің барлығын да қолданады.

А.Байтұрсынұлы сөйлеу үдерісін «бірінші жақ айтушы, екінші жақ тыңдаушы, үшінші жақ бөгделік» деп қарастырып, нақты мысалдар келтіріп өткен. «Сөйлеудің асыл мағынасы – біреуге білдірейін деген ойын айту. Айтушының мақсаты – тыңдаушыға ойын түгел түсіндіру. Ойын түсіндіру үшін соған керек сөздерді алу қажет. Бір сөзді ойын анықтау үшін алса, екінші сөзді ойын толықтыру үшін алады, үшінші сөзді ойын пысықтау үшін алады» [1,2196], деп сөйлеу актісіндегі сөздердің қандай сөйлем мүшесінің қызмет атқаратынын айта отырып, айтушы мен тыңдаушы арасындағы рөлін айқындап, сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін өзара бірлікте қолданылуы керектігін айтады. Айтылым әрекетінің негізінде сөйлеу актісі жүзеге асатындықтан, оны екі жақты процесс деп қарастырамыз.

Ф.де Соссюр тіл мен сөйлеу бір-бірімен диалектикалық тұрғыдан тығыз байланысты және тіл – адам санасында қалыптасқан, сол тілді қолданушы тұлғалардың бәріне ортақ элементтердің құрылымы деп тұжырым келтірген. Ал сөйлеу - белгілі бір уақыт шеңберінде дыбыстау арқылы немесе жазу формасында жүзеге асатын нақты **айтылым** процесі деген анықтама береді. [2, 136б]

Тіл – қоғамдық құбылыс және белгілі бір қоғамда дамып, жетіліп отыратындықтан оқушылар арасындағы қарым-қатынасты реттеуші құрал қызметін арқалайды. Сол себепті де оған қоғамдық-әлеуметтік факторлардың барлығы әсер етеді. Жаһандану заманында ақпараттар легінің көп болуы мен әлеуметтік желілерді көптеп пайдалану оқушыларға өз пайдасымен бірге параллель бағытта зиянын да тигізуде. Оқушылардың айтылым әрекетінде тілдің шұбарлануы, сөздердің орфоэпиялық нормалардан ауытқуы сынды кедергілерге ұшырауын жиі байқауға болады. Айтылым әрекеті қарым-қатынастың вербальды жүзеге асатын үдерісі болғандықтан бірқатар кедергілерді арқалауы мүмкін. Оларға:

- ✓ айтылар ой пен пікірдің нақты болмауы;
- ✓ сұраулы ой мен сөйлемдердің дұрыс құрылымдық сипат алмауы;
- ✓ өзге тілден енген сөздердің ана тілдегі тәржіма баламасын қолданбау;
- ✓ ойды жарыққа шығармас бұрын сана елегінен екшелеп ойға қажетті сөздердің сұрыпталмауы;
- ✓ айтылымда ойдың эмоциялық көрінісінің толық болмауын жатқыза аламыз.

Айтылым әрекетінде сөйлесуші тараптардың білімі мен іскерлік дағдысы, құзіреттілігі, тәжірибесі тікелей көрініс береді. Ж.Дәулетбекованың «... Жасөспірімдердің тіл өзінің өмір сүруінің ең негізгі кепілі екенін, тілдің діл қалыптастырушылық маңызы зор, ұлтты ұйыстырушы мәйек екенін саналы түсінуі арқылы ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болатыны анық. Сонда ғана оқушы тіл тек өзгенің ойын білу мен өз ойын сыртқа шығарудың құралы ғана емес, жалпы адамзаттық маңызы бар ұлттық танымның айнасы екенінен хабардар бола отырып, өзінің сол тілді келешекке жеткізудегі дәнекерлік орнын сезінеді» [3, 1996], деген тұжырымынан оқушыға тіл сабақтарында өмірлік маңызды қасиеттерді, яғни адамдармен түсінісе білуді, өз ойын ауызша жеткізу және тілдік қарым-қатынас орнатумен

қатар тілдің ұлттық кодты арқалайтын рөлі мен ұрпақ сабақтастығының дәнекері екенін ұғындыру мұғалімнің дұрыс бағытта білім беруіне үлкен жауапкершілік жүктейді.

Мақсаты. Қазақ тілі сабағында оқушылар пәннің мазмұнын меңгеріп ғана қоймай, өз бетінше білім алуы мен іздену дағдысын жетілдіретін және өзін-өзі басқару мен командада жұмыс істеу қабілетін дамытатын жұмыстар жүргізілуі тиіс. Қазіргі білім беру парадигмасы да осыған негізделіп отыр. Осы мақсатта оқушыға айтылым әрекетін меңгертудің 4К моделіне негізделген ұтымды әдіс-тәсілдерді таңдап алу мен тапсырмалар құрудың мәні зор. Ұтымды деп табылған әдіс-тәсілдерді саралай алу және оны оқу сабақтарында қолдану арқылы оқушылардың айтылым әрекетін дұрыс бағытқа бағдарлау мұғалімнің шеберлігі мен ізденісін талап етеді. Сол себепті, оқу сабақтарында 4К моделі аясында ұтымды деп танылған әдіс-тәсілдерді іріктей отырып айтылым әрекетін меңгерту мақсат етіліп отыр.

Зерттеу әдіснамасы. Айтылым әрекеті мен оны меңгертудің әдіс-тәсілдері турасында шетелдік және отандық әдіскерлер арасында сан түрлі көзқарастар қалыптасып, түрлі әдістемелік оқулықтар, оқу құралдары, зерттеу жұмыстары жарыққа шықты.

Орыс зерттеушілері арасында Ирина Алексеевна Зимняя «Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке» еңбегінде шетел тілдерін меңгертудегі тіл мен айтылым әрекетінің психологиялық аспектілерінің маңызына тоқталса, «Методика обучения иностранным языкам в средней школе», «Методика обучения английскому языку на начальном этапе в средней школе» т.б. еңбектерінің авторы Галина Владимировна Рогова шетел тілдерін оқытуда айтылым дағдыларын меңгертуді қарастырған. Сонымен қатар Я.Яноушек, Н.И.Гез, В.А.Артемов, Н.В.Попова, А.В.Величо, О.Р.Бондаренко сынды зерттеушілер өз еңбектерінде айтылым мәселесіне қатысты өз тұжырымдарымен бөліскен.

Әдістемелік еңбектердің біршамасында «говорение» терминін «сөйлеу» деп қарастыру орын алғаны мәлім. Осы терминге әдіскер-ғалым Ф.Оразбаева жаңаша атау беріп қазақшалап «айтылым» деп қарастырған. Бұл терминді автор лингвистикалық-әдістемелік әдебиеттердегі «говорение» сөзінің орнына жұмсалады деп анықтама береді. Әдіскер-ғалым айтылым әрекетінің тілдік қатынастағы қызметін – адамдар арасында тілмен түсінісуді жүзеге асыратын сөйлесім әрекеті бола отырып, тілдік қарым-қатынас барысында ойдың жарыққа шығуы деп қарастыра келе: «Сөйлеуге үйрету» немесе «айтылым» дегенде мынадай ұғымға мән беріледі: бұл – адам мен адамның тілдік қарым-қатынаста бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі, яғни бір адамның өз ойын екінші адамға ауызша жеткізуі, сөйлеуі, айтуы», – деген тұжырым жасайды [4,331б].

Айтылым – ұжымдық іс-әрекетке құрылған үдеріс. Сол себептен де қарқынды дамып жатқан мына заманда кез келген тұлғаның өмірде өз орнын тауып, бәсекеге қабілетті болуы, өзін қоршаған әлемде басқалармен сауатты және эмоционалдық тұрғыдан дұрыс қарым-қатынас орнатуы, жалпы нәтижеге жетудегі өзіндік ой-пікірін білдіру мен білім, іскерлік, дағдыларының маңызы зор.

Осыған байланысты ХХ ғасырдың 80 жылдарынан бастап әлемнің алдыңғы қатарлы елдері «білімге бағытталған» білім беруден «практикаға бағытталған» білімге көшуді бастады. Сондықтан сабақта тапсырмаларды дұрыс таңдау мен ұйымдастыру оқушының оқу сауаттылығы мен қабілеттерін дамытуда үлкен маңызға ие. Себебі, бәсекелестік тек экономикалық салада ғана емес, адамның білімі мен ақыл-ой қабілетін қажет деп табатын барлық салада дамып отыр. Мектеп оқушыларын осындай жағдайлардағы өмірге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке құзыреттілік пен қарым-қатынас жеткіліксіз. ХХІ ғасыр азаматтарына метатаным, метақұзыреттілік сияқты жаңа қасиеттер қажет деген пікірге келеміз.

Бүгінгі күні осы мақсатта тұлға бойында болуы тиіс ең маңызды қабілеттер мен дағдылардың біршамасын шетелдік және отандық ғалымдар зерттеп-зерделеп, солардың ішінен ең маңыздыларын топтастырып берді. 2016 жылы бүкіләлемдік экономикалық форум

президенті Давос Клаус Шваб 2020 жылға қарай өзін бәсекеге қабілетті деп санайтын әр адамның бойынан төменде көрсетілгендей құзіреттіліктер табылуы тиіс деп атап өтті:

- Кешенді тапсырмаларды шеше алуы;
- Сыни ойлай алуы;
- Шығармашылықпен ойлауы;
- Адамдарды басқара алуы;
- Командамен жұмыс істей алуы;
- Басқа адамдардың эмоциясы мен өзінің эмоциясын анықтап, оларды басқара алуы;
- Өз ой пікірін айту және пайымдап, шешім шығара алуы;
- Тұтынушыға бейімделуі;
- Келісім жүргізе алуы;
- Бір тапсырмадан екіншісіне тез ауыса алуы.

Бұл икемділіктерді Soft Skills - «икемді» дағдылар (құзыреттілік) яғни өмір сүруге қажетті дағдылар деп, ал оған қарсы Hard Skills - «қатаң» кәсіби дағдылар деп атау қалыптасқан. Отандық ғалымдар мен білім беру саласының мамандары Давостың алғашқы ондығын төрт негізгі дағды жүйесіне қысқартып, «4К моделі» деген терминді жиі қолдана бастады:

- Сыни ойлау (Критическое мышление) (CriticalThinking);
- Шығармашылық (Креативность), (Creativity);
- Қарым-қатынас (Коммуникация), (Communication);
- Ынтымақтастық немесе үйлестіру (Координация), (CoordinatingWithOthers) [5,5-76].

Аталған қабілеттер мен дағдылардың негізіне қиялдау, идеяларды генерациялау, аргументтердің құрылымын болжау, ақпарат көздерін іздеу, өз идеяларын қалыптастыру және басқалардың идеясымен алмасу, өз болжамдары мен пайымдауларын дәлелдеу, топтың мақсаттарын қабылдау және жалпы нәтижені бағалау дағдылары жатыр. Олар оқушыларға автономды және басқалармен ынтымақтастықта зерттеу қызметін ұйымдастыруды, өздерін танытуды, топ алдында сауатты сөйлеу мен өз тұжырымдарын дәлелдеуге үйретеді.

Нәтижелері мен талқылануы. Әр сабақта мұғалім оқу бағдарламасына негізделген оқу мақсаттарын басшылыққа ала отырып, күнделікті сабақтың өту барысын жоспарлайды. Тіл сабақтарында теорияның тиянақталып білім болып бекуіне тапсырмалар кешенін дұрыс құрастыра білудің маңызы зор.

Зерттеу мақсатына сәйкес оқу сабақтарында айтылым әрекетін «4К моделі» арқылы дамытуда ұтымды деп танылған тапсырмалар кешенін даярлау зерттеуімізге негіз болды.

«4К моделінің» бірінші пунктiсі болып тұрған /критическое мышление/ сыни ойлауға жетелеу мақсатында тапсырмалар кешенін танымдық ақпараттармен толықтыра келіп, концептілік талдау жасату арқылы айтылым әрекетін «4К моделіне» негіздеуге болады. Осы ретте 10 сынып оқушыларына талдаудың концептілік үлгісіне негіздеген ақпараттарды айтуларына жағдай жасауға болады.

Мәселен, 10 сыныпқа арнаған «Қазақ тілі» оқулығының «Тіл және Алаш идеясы» деп аталатын І бөлімінің «Алаштың бас шығармасы» атты 10-сабағында айтылым тапсырмасына Әлихан Бөкейхановтың нақыл сөздері берілген: «Ақылды сөз қылмақ қиын, ақылды сөзді іс қылмақ одан да қиын. Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды».[6,186] Осы тапсырманы «4 К моделіне» негіздеп, айтылым әрекетіне ұсыну жолында мәтіндегі зат есімнің сұрақтарына жауап беретін сөздерге концептілік талдау жасау тапсырмасы берілді. Оны оқушылар ксете түрінде әзірлейді:

Берілгені	Тіл	
Филологиясы	Грамматикасы	зат есім, дерексіз (ана тілі мағынасында)
	Фразеологизмдер	Ортақ тіл табысу – өзара түсінісу; Тілін тістеп қалу – артық сөйлеуден шегініп қалу, т.б.
	Мақал-мәтелдер	Тіл - ақылдың өлшемі; Ми ойлағанды тіл тындырады, т.б.
	Көркемдегіш құралдар	Тілі удай ащы
	Өлең жолдары	... Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кең тілім, Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім Таралған түрік балаларын бауырыңа, Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім! (М.Жұмабаев)
Философиясы	Тіл – белгілі бір ұғымды немесе затты, түсінікті белгілейтін және дыбыстауы бар ортақ қабылданған таңбалар жүйесі.	
Психологиясы	Тіл-адам ойының сөйлеу аппараттары арқылы жарыққа шығуы. Ойын, сезімін, қабылдауын т.б. адамның жалпы психологиялық ахуалының тіл арқылы көрініс беруі.	
Теологиясы	Бұрынырақта тілі 2-3 жасында анық шықпай, сөздік қоры аз балаларға үлкен кісілер қойдың өңешімен кішкене тілі шықпай жүрген баланы қылғындыру (жай ғана қой өңешін балаға зиян тигізбестей мойнына орау) ырымын жасаған екен. Сонда бала тез сөйлеп кетететін болған деген ырым бар.	

Жоғарыда берілген тапсырманы балаларға қосымша ақпараттық материалдарды пайдалануға жетелеу арқылы айтылым әрекетін ұйымдастыруда сыни ойлауға баули аламыз. Баланың бойындағы ізденушілік, іскерлік дағдыларын да дамытуға жол ашамыз. Концептілік талдауларды ауызша не жазбаша айтуда бала ең алдымен дүниелік білім жинақтайды. Аялық білімінің өрісі кеңейеді. Сыни ойлау дағдысы (критическое мышление) қалыптасады. Бұл дегеніміз, болашақта бала қандай ортада болмасын және қандай жағдайда болмасын, тосыннан келер сұрақтар мен ақпараттарға нанымды жауап бере алатын, қатысымда өз өресінің жоғары деңгейін таныта алатын тұлға болуына бастама береді. Оқушының тұлға болып қалыптасу жолында өмірлік білім болады. Бұл тапсырмаларды орындауда балаға қосымша білім көзі мен ақпараттық технологияларды (көркем әдебиеттер, мақалалар, ғаламтор желісі, т.б.) пайдалануға мүмкіндік беріледі. Соның арқасында оқушы толып жатқан ақпараттар ағымынан өзіне қажетті мағлұматтарды саралай отырып, оларды сыни саралауға үйренеді.

«4К моделінде» келесі дағды ретінде шығармашылықты (креативность) бала бойында дамыту мәселесін айтылым әрекеті тапсырмаларымен пысықтайтын болсақ, шығармашылық әрекетте бала бойында бір жағынан іскерлігі мен қабілеттері жетілсе, екінші жағынан материалдық рухани көзқарасы қалыптасып, адамзат мәдениетіне өзіндік үлес қосуына себепші болады. Жалпы қай салада болмасын атқарылатын еңбек шығармашылықты қажет етеді. Айтылым үдерісінде оқушыларды шығармашылыққа баулудың сан түрлі жолы мен әдісі бар деуге болады. Атап айтсақ: белгілі бір тақырып аясында бейнеролик жасау, рөлдік ойындар, сұхбат алу, пікірталас, ойталқы т.б. Мысалы: 10 сыныптың «Қазақ тілі» оқулығында «Әлем жаңалықтары: Өнер және мәдениет» атты II бөлімінің «Әнші Майра» атты 1 сабағында айтылым әрекетіне берілген тапсырманы М.Мұхамедқызының әлем сахналарында орындалған өнер туындыларына шолу жасату мақсатында кесте ұсынылған:

Шығарма атауы	Сенің пікірің

Осы тапсырманы түрлендіре отырып шығармашылық бағытта бейнеролик дайындауға тапсырма бере аламыз.[6,216] Оқушы М.Мұхамедқызының шығармашылығы туралы ізденіс жұмыстарын әртүрлі ақпарат көздерінен жинақтай келе, түрлі ақпараттық бағдарламалардың (TikTok, Capcut, Canva, FastSave Video, Quik т.б.) көмегімен видео ролик дайындайды. Тапсырманы орындауда бағыт-бағдар болатын талаптар мен нұсқаулықтар тізімі беріледі:

- бейнеролик ұзақтығы 3-5 минуттан аспайды;
- оқушы бейнеролик жанрын өзі анықтайды (сұхбат, репортаж, бейнеклип, кадрдағы ақпараттық сөз сөйлеу, анимациялық сюжет және т.б.)
- роликте фото суреттер мен схема, кестелерді, зерттеліп отырған тұлғалардың өз дауысы мен бейнесін пайдалануға болады;
- бейнероликті құрастыру және түсіру кезінде арнайы бағдарламаларды пайдалану оқушының өз қалауында;
- ұсынылған жұмыстың мазмұны мен мәтініне оқушы тікелей өзі жауапты, т.б. сабақтың мақсатына орай мұғалім тапсырма талаптарын түрлендіріп беруіне болады.

Оқушы бейнеролик жасауда барынша шығармашылықпен жұмыс нәтижесін ұсынуға тырысады. 10 сынып оқушылары үшін түрлі бағдарламалар көмегімен бейнеролик дайындау қиындық туғызбайтын іс. Ал, сол бейнеролик арқылы ақпараттар таратуда біраз шығармашылық ізденіс жұмыстарын жүргізетіні анық.

Айтылым үдерісінде қарым-қатынастың (коммуникация) алатын маңызы ерекше. Себебі, айтылым әрекеті де осы қарым-қатынас негізінде жүзеге асады. Осы мақсатта оқушыларға «Кейс-стади» (Case-study) әдісі арқылы тапсырмалар кешенін орындатуға болады. Кейс-стади әдісі – қазіргі білім беру талабына сай оқушылардың айтылым дағдыларын қалыптастыруда және сабаққа деген қызығушылығын артыруда тиімді болмақ. Аталған тапсырманы орындатуда сыныпты үш немесе төрт топқа бөліп белгілі бір тақырып аясында әртүрлі тапсырмаларды ұсынуға болады.

Мәселен, 10 сыныптың «Қазақ тілі» оқулығында «Қазіргі қоғам: әлеуметтік теңсіздік. Тілдік жүйе және стиль» деп аталатын VI бөлімінің 2-сабағында «Тілдік бағдарға» Сөзжасамдық тәсілдер берілген.[6,806] Осы тілдік бағдарды пысықтату мақсатында оқушыларды үш топқа бөліп:

- 1-топ: Синтетикалық тәсіл
- 2-топ: Аналитикалық тәсіл
- 3-топ: Лексика-семантикалық тәсіл

әр топқа аталған тәсілдердің жасалу жолдары турасында ақпараттар жинақтап, көркем шығармалардан алынған нақты мысалдармен дәлелдеуге тапсырма бере аламыз. Тапсырманы қандай форматта орындауды оқушылар өздері шешеді. Ол видео немесе слайд түрінде болуы мүмкін немесе кесте түрінде болуы да мүмкін. Бастысы аталған әдіс оқушылардың айтылым дағдыларын қалыптастыруда:

- пән аралық байланыстарды (қазақ әдебиеті, тарих) айқындауға;
- көшбасшылыққа ұмтылуға;
- қысқа уақыт ішінде жүйеленбеген, ретке келтірілмеген ақпаратты талдап айтуға;
- сыни, конструктивтік, аналитикалық және жүйелі тұрғыдан ойлануға;
- балама (альтернативтік) шешімдерді бағалауға;
- өздері атқарған жұмыстың (талқылау, талдау, жоба, т.б.) нәтижелерін жариялап айтуға (презентациялау көмегімен);

- белгіленген уақыт ішінде ақпараттың жетіспеушілігі (немесе, керісінше, оның көлемінің тым көп болуы) және шешім қабылдау және оның салдарын бағалау;

- қарым-қатынас дағдылары мен бірлесе(команда құрамында) жұмыс жасау машықтарын игеруге бағыттайды.

4К моделінің соңғы аспектісі – ынтымақтастық (координация) арқылы айтылым әрекетін дамыту мәселесіне келетін болсақ, мұнда бала командада жұмыс істей білуге, ұжымдық шешімдерде өз жұмысының нәтижесін көрсетуге, командалық жұмыста өз эмоцияларын басқаруға дағдыланады. Яғни, бала ұжымда өзін ұстай алуға, өз идеясымен бөлісе отырып, оны дәлелдей алуға, өзінің тарапына айтылған ұсыныстарды жағымды қабылдай алуға, ұжымға немесе топқа басшылық жасай алуға дағдыланады. Бұл мақсатқа жоғарыда айтып өткен 4К моделінің барлық аспектісі мен онда жүргізілетін жұмыстарды кіріктіре аламыз. Бейнеролик жасау да, кейс тапсырмаларын орындау да, рөлдік ойындар да, т.б. топпен, жұппен, мұғалім мен оқушы арасында жүргізілетін жұмыстардың барлығында да оқушы қарым-қатынасқа түсе отырып, ынтымақтастықта бір мақсат пен мүддеге жұмыс жасауға, ізденуге дағдыланады.

Мысалмен дәйектейтін болсақ, 10 сыныптың «Қазақ тілі» оқулығының «Сөз мәдениеті және шешендік өнер» атты ІХ бөлімінің «Сұлу сөз» атты 6-сабағында айтылым тапсырмасына: «Баланың бесігі – кең дүниенің есігі» тақырыбында мәтін берілген: «Бейбіт жатқан ауылды жоңғарлар шауып, қазақтың малын айдап, егісін таптап кетеді. Жау қорлығынан тоз-тоз болған ел-жұрт таулы жерге қашып, жан сауғалайды. Босқын халық арасында екіқабат жас келіншек бесікті арқалап бара жатады. Қара жолда Төлемен үзеңгі қағысып келе жатқан егде кісі:

- Мына бейшараның көрпе-жастығын тастап, бос бесікті арқалап келе жатқанын-ай, - дейді.

- Баланың бесігі – кең дүниенің есігі, - депті сонда ақылгөй Төле би.» [6,1276]

Аталған мәтін тақырыбын оқушыларға жоба жұмысы түрінде ұсынып, 4 оқушыдан біріктіріп, әрқайсына жоспарға сәйкес тапсырмалар беруге болады. Жоба жоспарын әр мұғалім зерттеу өзектілігіне қарай құрастырады. Мәселен:

1. Кіріспе

2. Негізгі бөлім

а) Бесіктің пайдасы мен түрлері

ә) Бесіктің жасалуы мен құрылысы

б) Бесікке бөлеудегі халық танымы мен дәрігерлер кеңесі

3. Қорытынды

Осы секілді нақты жоспар негізінде оқушылар ізденіс бағыттарын анықтайды және жобаның нәтижесі мен қорытындыларын жазбаша және ауызша сөйлеу тілінде көпшілікке таныстырады. Жоғарыда айтып өткеніміздей 4К моделінің барлық аспектісі мен онда жүргізілетін жұмыстарды осы ынтымақтастық дағдысына кіріктіре аламыз.

Қорытынды. Айтылым әрекеті мен оны меңгертудегі «4К моделінің» ұтымды қолданысы турасында бір мақаланың ауқымына сыйдырып айту мүмкін емес. «4К моделін» қолданудағы мақсат – оқушының айтылым әрекетін және танымдық қабілеттерін дамыту. Айтылым үдерісі қарым-қатынасқа түсу процесі болумен қатар, адамның психологиялық күйі мен сыртқы факторларға қарасты өзіндік көзқарасын сөйлеу арқылы жарыққа шығаруы деген тұжырым жасаймыз. Яғни, тұлғаның ой-өресі мен эмоциялық көңіл-күйі, тұжырымы айтылым үдерісінде көрініс тауып іске асады. Жоғары сынып оқушыларын айтылым үдерісіне дұрыс қатыстыруды жүйелі әдіс-тәсілдерге негізделген тапсырмалар арқылы жүзеге асыра аламыз. Бұл жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осы мақсатқа жетуде тапсырмалар кешенін 4К моделінің аспектілеріне негіздей отырып құрастырар болсақ, оқушылардың бойына бүгінгі білім беру тенденцияларының ең актуалды жетелеуіш дағдылар деп қарастыратын іскерліктерін жинақтай аламыз.

Пайдаланылған әдебиетер тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448. (274,276 б)
2. Саргсян Асмик Людвиговна. «Современные подходы к обучению иноязычному говорению» Молодой ученый. 135-140с.
3. Дәулетбекова Ж.Т. Әдістеме – шеберлік әлемі. Сөз мәдениеті: әдіснама мен әдістеме – Алматы: «Үш қиян» баспасы, 2021. II том. – 320 б.
4. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2019. – 584 б.
5. Компетенции «4К»: формирование и оценка на уроке: Практические рекомендации / авт.-сост. М. А. Пинская, А. М. Михайлова.
6. Балтабаева Ж.Қ., Арын Е.О., Әбдіраман Г.Ы. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2019. – 144б.

References

1. Baitursynov A. Til taǵylymy. – Almaty: Ana tili, 1992. – 448. (274,276 b)
2. Sargsian Asmik Lyúdvigovna. «Sovremennye podhody k obúcheniú inoiazыchnomú govoreniú» Molodoi ýchenyi. 135-140s.
3. Dáýletbekova J.T. Ádisteme – sheberlik álemi. Sóz mádenieti: ádisnama men ádisteme – Almaty: «Úsh qıan» baspasy, 2021. II tom. – 320 b.
4. Orazbaeva F.Sh. Tildik qatynas – Almaty: «An Arys» baspasy, 2019. – 584 b.
5. Kompetentsıı «4K»: formirovani e otsenka na ýroke: Prakticheskie rekomendatsıı / avt.-sost. M. A. Pınskaya, A. M. Mihailova.
6. Baltabaeva J.Q., Arın E.O., Ábdiraman G.Y. Qazaq tili: Jalpy bilim беретin mekteptiń qoǵamdyq-gýmanıtarlyq baǵyttaǵy 10-synybyna arnalǵan oqýlyq. – Almaty: Ata-mura, 2019. – 144b.